## 2024-2026 жылдары субсидиялауға жататын Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар облысішілік автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 84 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 желтоқсанда № 8467 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 тіркелген) сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2024-2026 жылдары субсидиялауға жататын Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар облысішілік автомобиль қатынастарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың төрағасы* *Г. Суентаева*

Облыстық мәслихаттың
2023 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 84 шешіміне қосымша

## 2024-2026 жылдары субсидиялауға жататын Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар облысішілік автомобиль қатынастар тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 27.05.2024 № 139 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Маршрут атауы (маршрут нөмірі) | Маршрут түрі (атауы) | Әдістемеге сәйкес 1 жолаушыға айқындалған тариф | 1 жолаушыға ұсынылатын немесе қолданыстағы тариф | Нақты және ұсынылатын тарифтер айырмасы | Әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынасының 3 жылға болжамдалатын жылдар бөлінісінде субсидиялау көлемі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | | | |
| | | | | | | 2024 | 2025 | 2026 | барлығы |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | № 111 | Ақтөбе – Маржанбұлақ | 689,78 | 150 | 539,78 | 51 161 762 | 51 161 762 | 51 161 762 | 153 485 286 |
| 2. | № 255 | Ақтөбе – Қарауылкелді | 2848,85 | 1500 | 1348,85 | 18 937 869 | 18 937 869 | 18 937 869 | 56 813 607 |
| 3. | № 231 | Ақтөбе – Қобда | 1338,15 | 600 | 738,15 | 24 801 722 | 24 801 722 | 24 801 722 | 74 405 166 |
| 4. | № 105 | Ақтөбе – Сарыжар | 838,17 | 200 | 638,17 | 46 572 225 | 46 572 225 | 46 572 225 | 139 716 675 |
| 5. | № 103 | Ақтөбе – Родниковка | 980,03 | 350 | 630,03 | 20 866 653 | 20 866 653 | 20 866 653 | 62 599 959 |
| 6. | № 211 | Ақтөбе – Мәртөк | 1560,78 | 400 | 1160,78 | 25 537 256 | 25 537 256 | 25 537 256 | 76 611 768 |
| 7. | № 239 | Ақтөбе – Хромтау | 1381,42 | 600 | 781,42 | 143 355 665 | 143 355 665 | 143 355 665 | 430 066 995 |
| 8. | № 207 | Ақтөбе - Қандыагаш | 1569,54 | 700 | 869,54 | 146 395 468 | 146 395 468 | 146 395 468 | 439 186 404 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК